

Семей мемлекеттік медицина университеті
Қазіргі заманғы Қазақстан тарихы және жалпы
білім беру пәндер кафедрасы

СӨЖ

**АКТ мен тұрақты дамудың мыңжылдық
Декларациясындағы мақсаттарға жету арасындағы
байланыс**

Орындаған: Мұратқызы Кәмила

120-топ, ЖМ

Тексерген: Букатаева А.Б

Семей 2017

ЖОСПАР:

Кіріспе:

- ✓ АКТ деген не?
- ✓ Мыңжылдық Даму Мақсаттары
- ✓ Ақпараттық-коммуникативті жөніндегі қызметтің мақсаты:
- ✓ Оқу жүйесінде ақпараттық-коммуникативтік технологияларды қолданудың нәтижелері

Қорытынды

Пайдаланылған әдебиеттер

КІРІСПЕ

Егеменді еліміздің ең басты мақсаты өркениетті елдер қатарына көтерілу болса, ол өркениетке жетуде жан – жақты дамыған, рухани бай тұлғаның алатын орны ерекше. Қазіргі білім берудің басты мақсаты да жан – жақты дамыған, рухани бай жеке тұлға қалыптастыру болып табылады. Сондықтан заман талабына сай оқыту үрдісін жетілдіре отырып, қоғам сұранысына сай жеке тұлға қалыптастыру мәселесі бойынша оқушыларға ақпараттық - коммуникациялық технологияларды сабақта көптеп қолдану тиімділігі артып отыр. Адамның үнемі ізденіске, жаңалыққа ұмтылуы ол физиологиялық құбылыс.

АҚПАРАТТЫҚ - КОММУНИКАЦИЯЛЫҚ ТЕХНОЛОГИЯЛАР ДЕГЕНІМІЗ НЕ ?

- * «Білім берудегі АКТ» ұғымы «оқытудың жаңа ақпараттық технологиялары», «қазіргі ақпараттық оқыту технологиялары», «компьютерлік оқыту технологиялары» және т.б., тіркестермен тығыз байланысты. Ақпараттық –коммуникациялық технология электрондық есептеуіш техникасымен жұмыс істеуге, оқу барысында компьютерді пайдалануға, модельдеуге, электрондық оқулықтарды, интерактивті тақтаны қолдануға, интернетте жұмыс істеуге, компьютерлік оқыту бағдарламаларына негізделеді.

Ақпараттық әдістемелік материалдар коммуникациялық байланыс құралдарын пайдалану арқылы білім беруді жетілдіруді көздейді. Ақпараттық – коммуникациялық технологияның келешек ұрпақтың жан – жақты білім алуына, іскер әрі талантты, шығармашылығы мол, еркін дамуына жол ашатын педагогикалық, психологиялық жағдай жасау үшін де тигізер пайдасы аса мол. Қазіргі кездегі шапшаң жүріп жатқан жаһандану үрдісі әлемдік бәсекелестікті күшейте түсуде.



Мыңжылдық Даму Мақсаттары (МДМ) - 2000

жылдың қыркүйегінде **Нью-Йорк** қаласында Мыңжылдық Саммитінде БҰҰ мүше мемлекеттердің қабылдаған Мыңжылдық Декларациясына негізделген сегіз халықаралық даму мақсаттары.

- 193 БҰҰ мүше елдерінің барлығы және 23 халықаралық ұйым 2015 жылға дейін дамудың келесі негізгі мақсаттарына қол жеткізуге келіскен:
- Шектен шыққан кедейлік пен аштықты жою
- Жалпы бастауыш білім беруді қамтамасыз ету
- Гендерлік теңдікті қолдау пен әйелдердің мүмкіндіктерін кеңейту
- Балалар өлімін азайту
- Аналарды қорғауды жақсарту
- Ғасыр дерттерімен (АИВ/ЖИТС және туберкулез) күрес
- Экологиялық тұрақтылықты қамтамасыз ету
- Даму мақсаттарында жаһандық әріптестік қалыптастыру

* Біріккен Ұлттар Ұйымының қолдауымен өтіп отырған форум «Тұрақты даму мақсатындағы ақылды басқару: желілік қоғамдағы әріптестіктің жаңа мүмкіндіктері» тақырыбына арналды. Мұндай форум бұдан бұрын «электронды үкіметті» дамытуда көшбасшы болып табылатын Оңтүстік Кореяда екі рет өткізілген болатын. Ал үшінші форум, мінекей, Қазақстанда ұйымдастырылып отыр. Еліміз осындай көлемді іс-шараны өткізу құқына халықаралық рейтингтерде бірнеше рет белгіленген **ақпараттық-коммуникациялық технологиялар** және «Электронды үкімет» саласындағы жетістіктерінің арқасында қол жеткізді. Оған бір дәлел биыл БҰҰ электронды үкімет дамуы бойынша рейтингте Қазақстан 2012 жылмен салыстырғанда 10 сатыға көтеріліп, 193 елдің ішінде 28-ші орында тұрақтады. Осылайша, бұл салада алғашқы отыздықтың қатарына қосылдық.

* жалпы **ақпараттық-коммуникациялық технологиялар** жайлы айтатын болсақ, қазір 3G, 4G, FTTH технологияларын жылдам енгізу жүргізілуде. Ал Қазақстан үшін бұл саладағы басты мақсаттардың бірі – ауыл тұрғындарына кең жолақты қолжетімділікті белсенді қарқынмен беру. 2015 жылдан бастап Қазақтелекоммен бірге «Ауылға оптика» бағдарламасы жұмысын бастау жоспарда болды. Операторлар 250-ден астам халқы бар ауылды елді мекендерге «оптика» салды. Бұл жалпы әлемдік тәжірибеде бар үрдіс, мәселен, осылайша интернетпен қамту Қытай, Австралияда жүргізілді, қазір Ресейде де қолға алынды.

Қазір дүниежүзі бойынша бесінші буын – 5G байланысы технологиясы туралы айтып жатыр. Бұл байланыс Қазақстанға да жақындап қалды. Қазір бұл бағытта жұмыстар жүргізілуде. Оңтүстік Кореяда, Еуропада осы технологияны тестілеуге қадам жасалып жатыр. Онда жылдамдық 4G-ға қарағанда мың есеге жоғары, аталған технология сарапшылардың пікірінше, 2017-2018 жылдары стандартталады. Электр байланысының халықаралық одағы оны стандарттаған соң Қазақстанға енгізуді бастамақ. Осыдан кейін сәйкес стандарттар қабылданады.



АҚПАРАТТЫҚ-КОММУНИКАТИВТІ ЖӨНІНДЕГІ ҚЫЗМЕТТІҢ МАҚСАТЫ:

- * 1. үйренушінің шығармашылық әлеуетін дамыту; коммуникативтік, әрекеттерге қабілетті болуды дамыту; сараптамалық-зерттеу қызметі, дағдыларын дамыту; оқу қызметі мәдениетін дамыту;
- * 2. оқу-тәрбие үрдісінің барлық деңгейлерін қарқындандыру, оның, тиімділігі мен сапасын арттыру;
- * 3. қазіргі қоғамның ақпараттануымен байланысты пайда болатын, әлеуметтік тапсырысты өткізу

ОҚУ ЖҮЙЕСІНДЕ АҚПАРАТТЫҚ-КОММУНИКАТИВТІК ТЕХНОЛОГИЯЛАРДЫ ҚОЛДАНУ МЫНАДАЙ НӘТИЖЕЛЕРГЕ ҚОЛ ЖЕТКІЗЕДІ:

1. оқушылар электронды оқулықтармен және интернет желісімен жұмыс істей алады;
2. оқушының білімі қысқа мерзімде және кез келген уақытта бағаланады;
3. орындаған жұмыстарының қателерін бірден көруге мүмкіншілік тудырады;
4. интерактивті тақтаны еркін қолданады;
5. ақпараттық мәдениетін дамытады;
6. сабақта уақыт та үнемделеді;
7. оқушылардың коммуникативтік қабілеттері дамиды;
8. зерттеу дағдылары дамиды;
9. оқушылардың пәнге деген қызығушылықтары артады;
10. әрбір оқушының шығармашылық мүмкіндігі ашылады.

Білім беру саласындағы көп қолданыста жүрген АКТ құралдары:

- - Интерактивті тақта;
- - Мультимедия;
- - Интернет кеңістігі;
- - Электронды оқулық.

ҚОРЫТЫНДЫ:

- * Жедел дамып отырған ғылыми – техникалық прогресс қоғам өмірінің барлық салаларын ақпараттандырудың ғаламдық процесінің негізіне айналады. Ақпараттық — технологиялық дамуға және оның қарқынына экономиканың жағдайы, адамдардың тұрмыс деңгейі, ұлттық қауіпсіздік, бүкіл дүниежүзілік қауымдастықтағы мемлекеттің ролі тәуелді болады. Тұтас дүние қалыптастыру мен қоғамдастықтар, жеке адам мен бүкіл дүниежүзілік қоғамдастықтың өмір сүруі үшін жаңа жағдайларды қамтамасыз етуде ақпараттық — телекоммуникациялық технологиялар маңызды роль атқарады. Ғылым мен техниканың даму қарқыны оқу – ағарту саласының оқыту үрдісіне жаңа технологиялық әдістер оның ішінде интерактивті құралдарды кең көлемде қолдануды қажет етеді

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТЕР:

- * 1. Интернетке кіріспе (әдістемелік құрал) Алматы – 2004
- * 2. Информатикадан 30 сабақ. Б. Б. Бөрібаев., Е. Қ. Балапанов, А. Б. Дәулетқұлов Алматы – 2004
- * 3. Интернет материалдары №72 «Google» және №65 «Mail.ru» сайттары 2014 ж.